ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 12-шілде Іс №1513-23-00-2/799-іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы С.А.Бектибаеваның қатысуымен
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Әрик Ермуханович Садырбаевтан («Askar»)

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы»
Ақтөбе облысы бойынша филиалы «Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету бөлімі»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Есімғалиқызы
талап қоюшының өкілі Д.С.Каниев
жауапкер Э.Е.Садырбаев
үшінші тұлға Ж.Д.Байжигитова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 19.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Жусупов А. М., 25.08.2023
1513-23-3-1/857

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 7 наурызында №160440007161/233700/00 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2023 жылдың 9 наурызында төленген.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 220 000 теңгеге Ақтөбе облысы филиалы үшін негізгі құралдарды шығару және кәдеге жарату қызметтер тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күнде орындауға міндеттенген.

Өтінім жауапкерге 2023 жылдың 9 наурызында жіберілді.

Міндеттемені орындау мерізімі - 2023 жылғы 27 наурыз.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 3 080 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді талап еткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында, шарт бойынша міндеттеме толықтай орындалғандығын түсіндіріп, талап қоюға келтірген пікіріндегі дәлелдемерді қолданып, қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру жөнінде қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сәйкес (әрі қарай–АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 19.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Жусупов А. М., 25.08.2023
1513-23-3-1/857

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Азаматтық іс материалдарынан мынадай негізде жасалған шарттың талаптары шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелерді қабылдады.

Бұл ретте тауардың атауы, оның нақты техникалық сипаттамалары мен құны, жеткізу мерзімі мен тәртібі, оған ақы төлеу тәртібі шартта және оған қосымшаларда көрсетіледі.

Іс материалдарынан, 2023 жылдың 20 наурызында тараптардың арасында көлік құралдардың қабылдау беру актісі жасалған.

Аталған акт бойынша талап қоюшы тапсырды, ал жауапкер кәдеге жарату үшін тоғыз автокөліктер қабылданды.

Жауапкер сотқа шартта көзделген міндеттемелердің орындалғаны туралы дәлел ретінде жою туралы акт ұсынды.

Жауапкермен біржақты тәртіппен жасалған акт бойынша аталған автокөліктер құралдарын кәдеге жарату қызметті тиісінше орындағаны көрсетілген (Қазақстан Республикасының экологиялық және өзге де нормаларының, қағидаларының талаптарына сәйкес).

Сот жауапкердің бұл бөлімдегі дәлелдерді келесіге байланысты дәрменсіз деп санайды.

Шарттың 1.1. тармағына сәйкес өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен көрсетілген қызметтерді қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың ажырамас бөлігі №1 қосымша және №2 қосымша (техникалық ерекшелік) болып табылады, ол сатып алу жарияланған кезде мемлекеттік сатып алу порталында жариялануы тиіс.

Қызметтер бойынша шығару және қалдықтарды кәдеге жарату бойынша техникалық ерекшелігіне сәйкес қызмет көрсету үшін қолданылатын материалдар мен жабдықтар сертификатталған және Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

Орындаушы автокөлік құралдарын кәдеге жарату қызметті тиісінше орындау үшін барлық қажетті рәсімдерді жүргізуге тиіс.

Сот отырысында жауапкер автокөліктерді кесу әдісімен жойылғаны деп көрсетілген.

Алайда, жауапкер сертификатталған және қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттарға сәйкес келетін материалдар мен жабдықтар бойынша ақпарат ұсына алмады. Атап айтқанда, жою актісінде бұл мәліметтер де көрсетілмеген.

АПК-нің 67 бабына сәйкес, егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, дәлелдеме анық деп есептеледі.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 19.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Жусупов А. М., 25.08.2023
1513-23-3-1/857

АПК-нің 68 бабына сәйкес, әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды талдай отырып, сот жауапкермен ұсынған жою туралы актіні шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалғанын растайтын дәлел бола алмайды деп санайды.

Шарттың 4.1. тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа басқа дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджетке 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағымен Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 25 наурыз-7 сәуір 3 080 теңге көлеміндегі (220 000 теңге х 0,1% х 14 күн) тұрақсыздық айыбының

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 19.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Жусупов А. М., 25.08.2023
1513-23-3-1/857

мөлшерін сот дұрыс емес деп санайды, себебі міндеттеменің орындалу мерзімінің соңғы күні 27 наурыз болып табылады.

Демек, тұрақсыздық айыбы 2023 жылдың 28 наурызынан бастап есептелуі қажет және ол 2 420 теңгені құрайды (220 000 теңге х 0,1% х 11 күн (28 наурыз- 7 сәуір қоса есептегенде).

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 73 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Әрик Ермуханович Садырбаевты «Askar» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын,

Дара кәсіпкер Әрик Ермуханович Садырбаевтан «Askar» Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 2420 (екі мың төрт жүз жиырма) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 73 (жетпіс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Әрик Ермуханович Садырбаевтан «Askar» жергілікті бюджет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қою арызының қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 19.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Жусупов А. М., 25.08.2023
1513-23-3-1/857